

құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде, болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық зорлық жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді.

Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсаң да оқушысының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі-өнеге берерлік, болашақана жол сілтерлік, оларды іс-әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады.

Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін қосып отыр десек қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы.
2. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Алма-Ата, 1975.
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алма-Ата: Ғылым, 1990.
4. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алма-Ата, 1965.
5. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алма-Ата, 1981.
6. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1992.
7. Игнатъев Е.И. Психология в беседах с учителями. – Санкт-Петербург, 2001.
8. Макаренко А.С. Педагогикалық шығармалары. Т.5. – Москва, 1958.
9. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. – Алматы: Мектеп, 1987.
10. Бастауыш мектеп. – №7, 2001.
11. Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. – Жамбыл, 1992.

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ «ӨСИЕТ ӨЛЕҢДЕР» ӨЗЕГІ МЕН ӨНЕГЕСІ

Мырзағалиева Күлзада
ф.ғ.к. қауым. профессор,
Оспанұлы Серікбай
ф.ғ.к. профессор

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада «Жасартқыш бұлақ» атты хикаялық дастан мен Ы. Алтынсариннің «Өсиет» өлеңдеріндегі ішкен адам жасарып, мәңгі жасайтын. Әбілхаят суы, «Әбілхаят» сөзінің мән-мағынасы түсіндіріліп, екі шығарманың бір-бірімен үндестігі әңгіме болады.

Мақсаты: Ұқсастық сыры ашылып, ұлы ұстаз өлеңдерінің «Жасартқыш бұлақ» хикаялық дастаннан ерекшелігі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: мәңгілік су, Ескендір Зұлқарнайын, жасартқыш бұлақ, шал, кемпір, әбілхаят, Қыдыр Илияс, өнеге, ақыл, өсиет, өнеге.

Аннотация

Актуальность: В статье рассказывается о новелле «Омолаживающий родник» и стихах И. Алтынсарина «Завет», где испивший чудесной воды человек омолаживается и становится вечным. О созвучии этих произведений через раскрытие смысла и значения слов «вода Абильхаят». Цель: Выявление сходства произведений через демонстрацию особенностей стихов великого учителя и новеллистической саги «Омолаживающий родник».

Ключевые слова: вечная вода, Искандер Зулқарнайын, омолаживающий родник, старик, старуха, абулхаят, Кыдыр Ильяс, поучение, ум, завет.

Abstract:

Relevance: The article tells about the novel «Rejuvenating Spring» and in I. Altynsarin's poems «Testament» the man became younger and immortalized. Water Abilkhayat, the word "Abilkhayat" meaning and meaning are explained in two works, and are consonant with each other.

Goal: The mystery of the similarity is revealed, the difference between the poems of the great teacher and the novelistic saga "Rejuvenating Spring" is demonstrated.

Keywords: Eternal water, Iskander Zulkarnayin, rejuvenating spring, old man, old woman, abulkhayat, Kuydur Ilyas, teaching, mind, Testament.

Ыбырайдың «Өсиет өлеңдерінде» мәңгілік су бары, одан су ішкен адамның мәңгі жасайтыны айтылады. Одан ішпек болған Ескендірдің аузына су бармай қояды [1, 10-12 б.]. Осы сияқты ертегілік сюжетке құрылған «Жасартқыш бұлақ» хикаялық дастанында да одан су ішкен адамның жасаратыны сөз болады. Бұл назира үлгісіндегі дастан ел аузынан алынып, редакцияланып алғаш 2001 жылы Бейжіңде «Қазақ қиссаларының» 17-томында жарық көріпті [1, 93-212 б.].

Дастанның қысқаша мазмұны мынадай:

Тау қойнауында шал мен кемпір өмір сүріп жатады. Шалдың кәсібі-аңшылық. Атқан оғы «қаңғырып текке кетпейтін» мерген. Бірде шыңға шығып, жан-жағына қарағанда тал арасынан көзіне қардай аппақ бұғы шалынады. Оған қызыққан аңшы тәуекелге бел буып, садағына ұшы қайралған ұшқыр жебесін салып атады. Жебе тигенімен бұғы құламай қаша жөнеледі. Шал жолындағы кедергілерге қарамай қуып береді. Жеткізер түрі жоқ, қалай да ұстауды мүрсет тұтқан қуғыншы одан сайын жанығып, бұғы соңынан қалмайды. Сәл жақындаса, бұғы алға атыла жөнеледі. Бір кезде бұғы алдында кездескен бұлаққа секіріп, арғы бетіне жүзіп шығады. Ғажап! Жануардың аққан қаны тыйылған, сап-сау. Мұны байқаған шал да бұлақ суынан нәр татады. Сөйтіп үйіне келсе, кемпірі танымай:

- Қарағым, қай баласың?-деп сұрайды. Ол болған жайды бүгі-шігіне дейін қалдырмай айтып береді. Мұны естіген кемпірі әй-шайға қарамай тау басына қарай жүгіре жөнеледі.

Шалы өкшелей қуып жетсе, бұлақ басында жағадағы гүл-шешекке оранып, іңгәлаған жас сәби жатыр. Аңшы бөбекті шыр көбелек айналып, суды шамадан тыс көп ішкен кемпірі екенін сезіп, оны етегіне орап, үйіне бет алады. Жолда аңшы өзімді ғана ойламай, игілікті елмен бірге көрейін «бұлақтың қайнарынан бір торсық су толтырып ала кетейін», -деп торсығына су толтырып алады.

Ыбырайдың «Өсиет өлеңдерінде» уәзір мен Қыдыр-Илияс Әділхаят суынан ішіп, патша үшін бір кесе су алып енді орындарынан тұра бергендерінде бір адамға көздері түседі. Жөн сұрасады [1, 10-12б.]. «Жасартқыш бұлақтағы» шал да арқасында қара торсық етегінде бөбек, келе жатса, алдынан «Төсінен екпеттеген тамыр тарап» бір адам жатыр. Ағаш арқа тұсынан қадалыпты.

Екеуі жөн сұрасады. Аңшы болған жайды айтқанда, ол бәрін бірден ұға қояды. Енді бұл да не болғанын сұрайды. Ағаш арқасын тесіп, тамыр жая бастаған адам

қайнардан «Әбілхаят суын» ішсең, өлім оғы тимейтінін, бұлақ сырына қанық екенін, «Қайнардан «Әбілхаят» суын ішіп, тірліктің аспағына мәңгі асылып» жатқанын, бірақ өлмей, жасай бергенін, мыңдаған жыл жасаса да бойындағы тәтті ләззат пен көркін жоғалтқанын, өмірі мақсатсыз, мағынасыз өтіп жатқанын айтып: «кеудемді түйреп өткен мынау ағаш ол кезде қураған бір сояу еді, денемнен қорек тауып алып терекке айналды», – дейді. Аңшы «Торсықтағы суды қайтем?» деп сұрайды. Жұмбақ адам: «Онда сен торсықтағы қайнар суын қарағайлы орманға шаш, «мәңгі өлмес қазыналы жасыл нудың игілігін адамзат көрсін», – дейді.

Шал суды жағалай өскен қарағайға шашады. «Сәби кемпір» бойжеткен кемеліне келіп, суды ну орманға екеулеп шашады. Ақ бұғы да «ізінен тастап шалға сурет-өрнек» жарқ етіп көрінеді.

Хикаялық дастан:

Қосылып суға аңшының маңдай тері,
Ашылды, міне, осылай қайнар тегі.
Адамзат «Әбілхаят суын» шашқан,
Мәңгі өлмес қарағайлар жайды өркенді.

Бой созып көк аспанға мөлдір-биік,
Тамыры тасты жарған, жерді идіріп.
Қалың ну қарағайлы сонан бері,
Жаратып келеді екен елге игілік.

Тараған бір ауызға бір ауыздан,
«Жасартқыш бұлақ» табар мұралы із, мән.
Жас достар жалғастырып айта жатар,
Түйгенін зердесіне бұл аңыздан.

деп түйінделеді [2, 279-290 б.].

Ақбұғының ізінің өзі сурет-өрнек болып қалуы, жасартқыш суға аңшының маңдай терінің қосылуы-тапқырлық, су қасиетін арттыра түскен.

Шығарма:

Ұшырған ұшпасынан талай қыран,
Қалың тау қатпарланып қамал қырған, –

деп басталады. Тауды қамалға теңеуі Құрандағы бір аятты еске түсіреді.

Құранда «Немесе жерді тұратын орын қылып, араларынан өзендер ағызып, оған асқар таулар жасаған және екі теңіздің арасында жік жасаған кім? Алламен бірге басқа тәңір бар ма? Жоқ, олардың көбі білмейді», – делінеді [3, 382 б.]. Яғни, қасиетті кітапта Алланың Жерді жаратып, оны таулармен бекітіп қойғаны, қарапайым тілмен түсінікті етіп айтқанда, таулар Жердің зікірі сияқты екендігі жазылған.

Дастан авторы мұны біліп жазып отырған тәрізді. Өйткені Әбілхаят– араб тілі: әб-су, хаят-өмір. Одан нәр татқан адам жасарып, мәңгілік жасайды. Сол жасартатын бұлақты мықтап ұстап, қоршап тұрған тау.

Шығарма мазмұны өте тартымды, тілі шұрайлы, оқиғасы шытырман, көркемдік кестелерге толы.

«Ескендір Зұлқарнайын өзінің дұшпандарын немен жеңгені» деп аталатын аңыз әңгімеде Ескендір патша бір шаштаразды шақыртып шашын алдырады. Шашын алып болған соң одан «Менің мүйізімді көрдің бе?» деп сұрайды. Шаштараз «көрген жоқпын» дейді. Сұрағын екінші рет қайталайды. Шаштараз тағы да «көрген жоқпын» дейді. Сонда Ескендір: «Бар, өз жөніңе жүре бер, егер менің мүйізімді көрдім десең, сені де, сенің бүкіл тұқымыңды да өлтіремін», – дейді. Шаштараз біраз шыдағанымен, бұл сырды жасыра алмай, айтқысы келеді де тұрады. Сосын ол терең құдыққа түсіп: «Ескендір Зұлқарнайынның басында мүйізі бар, кім-кім мүйізін кесіп алса, ол күшінен айрылып, дұшпандарын жеңе алмай қалады» дейді. Бұл сөз құдықтан шығып, қамысқа,

қамыстан соққан желмен кең далаға, даладан адамдарға жайылады. Ескендірдің дұшпаны артынан жасырынып келіп мүйізін кесіп алады. Ол кішкентай баладай мүлде әлсіз болып қалады. Ескендір шаштаразды бүкіл үрім-бұтағымен өлтіртеді. Ал өзін жұрт көтеріп жүретін болады.

Енді бірде Ескендір дүниенің ең шетіндегі таудың ішіне соғысуға барады. Ол жерде бір бұлақ ағады екен. Оның суын ішкен адам мәңгі өлмейтін көрінеді. Ескендір бұл судан екі торсық су алып өзінің жұртына қайтады. Жолда патша қатты науқастанады. Әскерлеріне құзғын-қарғалар шабуыл жасап, екі торсығын тұмсықтарымен шоқып ішіп, төгіп кетеді. Су бітіп қалғаннан кейін ешбір дәрі-дәрмек болмай, патша көп кідірмей опат болады. Аңыз әңгіме «Әгәрдә бұл судың бір тамшысын ішсе де тірі қалар еді. Күнде бір тамшыдан ішсе миллион жыл өмір сүрер еді. Неше тамшы су ішсе, сонша жыл ғұмыр шегереді дейді», -деп түйінделеді [3].

Аңыз әңгімеде сабырсыз шаштараздың біреудің сырын елге жайып, өзі де, зәуазаты да өлім құшқаны сияқты Ескендірдің де бейбіт елді қырғынға ұшыратуы ақыр соңында басына қайғы-қасірет әкелгені ашылып айтылмайды.

Ал, ағартушы Ыбырай нені сөз етсе де, қандай тақырыпты қозғаса да педагогтік көзқараспен шығарманың тәлім-тәрбиелік жағына баса назар аударып, жаман қылықтардан жирендіреді. Оның негізгі мақсаты – балаларға пайдалы кеңес беріп, ізгілікке, ізеттілікке, шыншылдыққа, әділдікке, адамгершілікке баулу. Ыбырайдың «Өсиет өлеңдері» жоғарыдағы хикаялық дастан, аңыз әңгімемен өзектес, үндес болғанымен, өлеңмен өріліп, өзгеше өрбиді:

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт еткен,
Патша боп, бұл дүниеге даңқы кеткен.
Отыз ұлым бар ғой деп, көптік ойлап,
Құдайым отызын да әлек еткен.

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің пенде екенін сонда біліп.
Мұнан соң Тақ-Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып, –

десе, жастарды барға мастанып, асып-таспаудан сақтандырып, бұл дүниеде қанша даңқты болсаң да Алла алдында пенде екенінді ұмытпа деген ақыл-кеңес айтады. Өлең жолдарындағы Дәуіт – даңқты патша Библиядағы Давид, – мұсылман дініндегі Дәуіт пайғамбар, Сүлеймен-Саламон – Давидтің ұлы. Бұлар туралы аңыз-әңгімелер құранда да бар. Олар «Талұт», «Талұт пен Дәуіт», «Дәуіттің адасуы» деген хикаяларда баяндалып, оның адамгершілігі, адалдығы, әділдігі, әр уақыт пайғамбырлық мәртебесін сақтай білетіндігі сөз етіледі.

«Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. Ол жайында «Рабғузи қиссасында» да бірнеше әңгіме бар. Оларда Сүлейменнің жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, әкесінің қате билігін түзеткені айтылады[4,356.].

Ыбырай Ескендірдің патша болғанын, дүниені жаулағанын, өлмеуді арман етіп «мәңгі судан ішкен адам мәңгі өлмейді екен» дегенді естіп, мәңгі суды іздеп барғанын баяндайды. Мәңгі судан су алып келуге уәзірі Қыдыр-Ілиясты жұмсайды. Қыдыр Ілияс суға барып, өзі ішіп, патшаға арнап тағы бір кесе су алады. Сонда бір адамға көзі түсіп, одан «Мұнда отырған неткен жансыз, қарасақ келбетіңе мұсылмансыз?» деп жөн сұрайды. «Мен-дағы бір патша едім, еш күмәнсіз», – деп бейтаныс адам әңгімесін былайша жалғастырды:

Өлмеске мен де осындай талап еттім,
Бір күні осы суға келіп жеттім.
Әрбір іс уақытында қызық екен,
Ақыры өз басыма азап еттім.
Бір заман әлек болды барша елім,

Қалмады қыдырмаған ешбір жерім.
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп,
Аһ, енді өлім болса маған дедім.

Дүниені неше айналып, неше кездім,
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.
Маған өлім бермеді Құдай-тағала,
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

Қыдыр-Ілияс қайтып келіп суды Ескендірге ұсынады. Ол ішейін деп ұмтылғанда су аузына бармай қояды. Оның себебін ақын мына жолдармен жеткізеді:

Тағында Тақ-Сүлеймен не қылмады,
Өмірін соңындағы шағындады.
Наушеруан – діні кәпір, әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады.

Бұзғанбыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Әзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылғаны үшін?

Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек-бөлек соның тәні.
Мал-жанның өре туған бәрі безіп,
Далада жалғыз жатып, «Алла» деді.

Әділетсіз, тәкәппар адам қанша бай болса да жұмаққа бармайды, діні кәпір болса да, әділетті адам дозаққа жағылмайды. Ескендірдің аузына судың бармау себебі осында екен.

Өлеңде кездесетін Қыдыр-Ілияс – Ілияс Хызыр (Илья) пайғамбар. «Шығыс елдері ауыз әдебиетінде киелі адам бейнесінде көрініс табады. Наушеруан – ежелгі дәуірдегі Иран патшасы. Аюп – Айуб (Иов) пайғамбар, Қарынбай – қазақ ертегілері мен аңыздарында кездесетін сараң, қайырымсыз, мейірімсіз бай адамның бейнесі. «Қарынбай мұсылман мифологиясындағы Құрандағы Карун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Құран мазмұнын жақсы білген Ы.Алтынсарин «...ұмытпа бай болдым деп бір құдайды, жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды» – деп қалыптасқан аңыздың алғашқы нұсқасының мазмұн-мәнін дәл сақтаған. Құранның 28 сүресінде (аятында) Корун қайырымсыздығы, сарандығы үшін Тәңірі қаһарына ұшырап, оны жер жұтады [5,279 б.]. Зылиқа – Жүсіп – кіршіксіз адал махаббат, сұлулық символына айналған Фердаусидің «Иусиф вә Зулайха» дастанының кейіпкерлері. Бұл аңыз Шығыста көп тараған, көп жырланған.

Өлең қазақтың он бір буынды қара өлең үлгісімен жазылған терме. Терме – өнеге, өсиет, ақыл-нақыл, ойлы, тапқыр сөздерді теріп айту. Ыбырай да бұл өлеңінде балаларға үлгі-өнеге, сабақ боларлық аңыз әңгімелердің басын шалып, бірінен соң біріне көшіп, адалдықты ізеттілікті, ізгілікті насихаттайды: «Қорлама кем адамды болсаң дана», «Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды», «Иманды ер Құдайынан ұялады», «Ренжітпе пенде болсаң, бейшараны», «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен. Кете бар кесе басың шындықпенен! Қорек тап, бейнеттен де Тәңірің жәрдем, Телмірме бір адамға мұңлықпенен!», «Бір әділ, қазынасы кең патшанды ізде!», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Мақтанба сұлуымын деп ажарыңа» Ажарсыз адамдарды ал назарыңа».

Бос мақтаннан, асып-тасудан, қайырымсыздықтан, сабырсыздықтан сақтандырады: «Жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды», «Іске аспай бақ-дәулетің қалуы оңай, Басыңнан бағын тайған шағыңызда», «Зылиқа, Жүсіппенен сұлу өткен, Тұрмаған ажал ара ажалына», «Бақ тайса ерге дәулет құралмаған», «Ағайын жат болады алыс болса, Болады жат та жақын таныс болса, Достарың, дұшпан түгіл, табалайды, Аяғын бір нәрседен шалыс болса!».

Бұл балалар үшін таптырмас дәріс!

Ыбырайдың «Өсиет өлеңдерінен» біріншіден, ақынның ізденпаздығын, білімпаздығын, екіншіден, араб, Шығыс классикалық әдебиетімен таныс болғанын, араб тілін білгенін, Құранды да оқып, зерттегенін, үшіншіден, ислам дінін ардақтап, оның идеяларын насихаттағанын, төртіншіден, оның шығыстың нәзира дәстүрін қазақ жазба әдебиетінде алғаш қолданған ақын екендігін байқаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2014.
2. Жасартқыш бұлақ. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 24 том. – Астана: «Фолиант», 2005.
3. Дала уәлаятының газеті. – 1895. – № 5.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
5. Сәтбаева Ш. Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы». – Алматы: «Жазушы», 1991.

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Нурғалиева Алмагуль Жаиковна,
зам. директора по научно-методической работе
учитель русского языка и литературы,
Батура Людмила Владимировна,
зам. директора по учебной работе, учитель математики,
ГУ «Средняя школа №7 отдела образования акимата г. Костаная»

Аннотация

Өзектілігі: Өскелең ұрпақты тәрбиелеу және рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу барлық уақытта өзекті және басым болып табылады. Ы. Алтынсарин мектептің адамгершілік-тәрбиелік рөліне үлкен мән берді. Алтынсарин мектептің негізгі мақсатын оқушылардың қарапайым ғылыми білімді меңгеруінде, жаратылыстану-ғылыми дүние танымды әзірлеуде жоғары адамгершілікті қалыптастыруда көрді. Алдыңғы қатарлы мәдениетті жариялай отырып, ол жастардың ғылымға деген қызығушылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше назар аударды, оны халыққа қызмет етуге шақырды, адамгершілік сезімін дамыды. Мақсаты: шығармашылық мұраға деген қызығушылықты өзектендіру. Алтынсарин, рухани-адамгершілік қасиеттерді дарыту.

Түйінді сөздер: көрнекті ағартушы, педагогикалық мұра, рухани-адамгершілік қасиеттер, ағартушылық идеялар, жоғары адамгершілік, жалпыадамзаттық мәдениет.

Аннотация

Актуальность: Воспитание подрастающего поколения и привитие духовно-нравственных качеств является актуальным и приоритетным во все времена. Ы.Алтынсарин придавал огромное значение нравственно-воспитательной роли школы. Основное назначение школы Алтынсарин видел в формировании у учеников высокой нравственности в усвоении ими элементарных научных знаний, в выработке естественно-научного мировоззрения. Выступая глашатаем передовой культуры, особое внимание уделял формированию в молодежи интереса к науке, любви к труду, призывал ее к служению народу, развивал в ней чувство человеколюбия.

Цель: актуализация интереса к творческому наследию Ы.Алтынсарина, привитие духовно-нравственных качеств.

Ключевые слова: выдающийся просветитель, педагогическое наследие, духовно-нравственные качества, просветительские идеи, высокая нравственность, общечеловеческая культура.

Abstrakt

Relevance: Education of the younger generation and instilling spiritual and moral qualities is relevant and a priority at all times. Altynsarin attached great importance to the moral and educational role of the school. Altynsarin saw the main purpose of the school in the formation of high morals among students in the assimilation of elementary scientific knowledge, in the development of a natural – scientific